

ЛЕП БЕЛГІСІ

Жарнама мәтіндерінде леп белгісі мына жағдайларда қойылады:

– ұран, үндеу түріндегі сөйлемдерден кейін: **Науқан! Алға ұмтыл! Жең!**

– өтіну, жалыну түріндегі сөйлемдерден кейін: **Науқан! "Конгресс" мейрамханасына шақырамыз, келіңіздер! Банкеттер – адам басына 5000 теңге. Мекенжайымыз: М.Жұмабаев көшесі, 109. Тел.: 8-707-783-06-83. GMoney 10 минут ішінде ақша алыңыз! BABYPOLIS - балалар мен ата-аналардың жаңа демалыс орнына келіңіз!**

– бұйрық мәнді сөйлемдерден кейін: **FUNKY LAB ең дәмді пицца бізде! Дәмін тат! Barbie BARBIESTYLE. Сәнді бейнелер жаса! Денесі толық қозғалатын коллекциялық қуыршақ! Даниссимо – күн сайын рақатқа бөлен! Жаңа дәммен мерекелік сезімге бөлен! Қоңыр шоколад қосылған өрік. Жаңа дәмді татып көр!**

– бір ғана етістіктен құралған, ерекше интонациямен айтылған сөйлемдерден кейін: **Кел! Көр! Ал! Тез! Жылдам! Тапсырыс бер!**

– құрамында көңіл күй одағайы бар сөйлем ерекше интонациямен айтылса: **О, мерекеден кейінгі дақтар! Күнделікті дақтар! Байқаусызда болатын дақтар! Упс! Кез келген дақтарды Tide мұнтаздай таза жуады. Tide. Үлкенірек қаптама – көбірек үнемдеу!**

– құрамында қайран, шіркін, алақай т.б. бар сөйлем ерекше интонациямен айтылса: **Алақай! Балаларға арналған жаңа ойын-сауық паркі!**

– сүйсіну, тамсану мәнінде айтылған сөйлемдерден кейін: **Kaspi.kz – Қазақстандағы №1 қосымша! Бұл чипстер сондай керемет! Lay's чипстерін дайындау үшін 100% табиғи іріктелген картоп қолданылған. Ол сапаға және де керемет дәмге кепілдік береді. Сондай дәмді! ӘР КҮН LAY'S-ПЕН ДӘМДІРЕК!**

– ерекше қуану, шаттану мәнінде айтылған сөйлемдерден кейін: **Жақын арада Kaspi Жұма! 14-16 шілде аралығында көптен күткен бүкілхалықтық тиімді зат сатып алу мерекесі! Kaspi.kz-тегі интернет-дүкеннен және бүкіл Қазақстан бойынша серіктестердің дүкендерінен тиімді зат сатып алыңыз! Бізбен өткен жарқын жыл үшін Altel қосымшасында сыйлық сыйлаймыз! ЖИҒАЗ Euro Mebel БІРГЕ БАҚЫТТЫМЫЗ!**

– «ия», «жоқ» деген сөздер сөйлем басында келіп, ерекше екпінмен айтылса: **Иә! 100% нәрлендіру және қайызғақтан арылу! DERMA X Pro.**

– қаратпа сөз сөйлемнің басында келіп, ерекше интонациямен айтылса: **Құрметті сатып алушылар! Дүкенде бейнебақылау жүргізіледі! Құрметті телекөрсермендер! «Setei» телеарнасында жаңалықтар топтамасының эфирдегі уақыты өзгерді. Енді қорытынды ақпараттық шығарылымды Сіздер әдеттегіден бір сағат ерте яғни, кешкі сағат 18:00-де көре аласыздар!**

– сәлемдесу барысында сөйлемдер *ма, ме, ба, бе, па, пе* шылауларымен келсе, одан кейін леп белгісі қойылады: **Сәлеметсіз бе! Мен – сіздің Kaspi гидіңіз Русланмын. Демалыс бәріне керек. Жақсы жаңалығымыз бар! Kaspi**

Travel-де турлар пайда болды! Демалыс үшін кеңінен танымал бағыттарды таңдаңыз. Турларды салыстырып, тиімді бағамен сатып алыңыз. Демалысты жоспарлап, Kaspi.kz қосымшасында Kaspi Travel-мен турлар сатып алыңыз. Сәлем! Мені біреуге ұқсатасыз ба? Дәл солай, менің бейнем мыңдаған Қазақстандықтардың бейнесінен құралған. Сіз сияқты, мен де жаздыгүні серуендегі және сол үшін гигабайттар алғанды ұнатамын! Таңғажайып құстар мекендейтін, әрдайым құшақ жая күтетін жерлерде серуендегенді ұнатамын. Ал сіз неге отырсыз? Гигабайттар үшін, алға! Altel қосымшасында "Алға" қызметін қосыңыз да, әр қадамыңыз үшін тегін гигабайттар алыңыз!

– қаратпа сөз сөйлемнің соңына келіп, сөйлем ерекше интонацияға бітсе, сөйлемнің соңында леп белгісі қойылады: **Жаңа жыл құтты болсын! Жаңа жылыңызбен, әке! Жаңа жылыңызбен, ата! Жаңа жылды өзіңізге қымбат жандармен қарсы алыңыз. Beeline Жапұтда! Қазақстандағы ең кең таралған мобильді интернет!**